

«№ 42«Айналайын» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК
Қамқоршылық кеңесінің №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 20.12.2023ж.

Қатысқандары: МДҰ меңгерушісі- Н.Г.Шугаева, шаруашылық меңгерушісі – Г.У.Махашева, хатшы- МДҰ әдіскері – Ж.Б.Картбаева , қамқоршылық кеңес төрағасы- А.Алмаков, қамқоршылық кеңес мүшелері- Панина Гульсана, Каденова Майя, Баймуханова Алмагуль , Ибрашова Ляззат, Жарилгасинова Мира , Акимжанова Нурсауле.

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру бойынша мәселелерді талқылау
2. «№ 42«Айналайын» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК жайларын жаңажылдық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды безендіру үшін материалдар сатып алу).
- 3.«№ 42«Айналайын» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК оқу жылының қыс мерзімдерінде жұмысқа дайындық туралы.

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша, мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі сөз алды. Өз кезегінде меңгеруші мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру бойынша мәселелерді ортаға салды. Мектеп жасына дейінгі балаларды жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне қарай дамытып, тәрбиелеуде тиімді жаңаша әдіс-тәсілдерді үйреніп, іс-тәжірибеде қолдану үшін мекеме педагогтары біліктілік арттыру курстарынан өтіп, түрлі тақырыпта семинарларға барып жатқанын жеткізді. Алдағы уақытта заман талабына, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің моделі негізінде, мекеменің дәліздерінде педагогтардың көмегімен «сөйлейтін қабырғалар» жасау жоспарлануда осы іске ата-аналар атсалысса құба-құп болар еді деп сөзін түйіндеді.
2. Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы А.Алмаков «№ 42«Айналайын» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК жайларын жаңажылдық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыратынын хабарлады.
3. Үшінші сұрақ бойынша, МДҰ шаруашылық меңгерушісі сөз алды. Өз кезегінде , «№ 42«Айналайын» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК оқу жылының қыс мерзімдерінде жұмысқа дайындық туралы айтты. Мекеменің жылу жүйесі қалыпты жасап тұрғанын, барлық топ жылы екенін, сонымен бірге қыс мезгілінде МДҰ аумағын қардан тазалауға құрал- жабдықтар жеткілікті екенін жеткізді.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. «№ 42 «Айналайын» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК жайларын жаңажылдық мерекелерге дайындауға көмек беру ата-аналар тарапынан ұйымдастырылсын.
3. «№ 42 «Айналайын» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК оқу жылының қыс мерзімдерінде жұмысқа дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.



Қамқоршылық кеңес төрағасы :

А.Алмаков.

Қамқоршылық кеңес мүшелері :

Панина Гульсана

Каденова Майя

Баймуханова Алмагуль

Ибрашова Ляззат

Жарилгасинова Мира

Акимжанова Нурсауле